

Заманауи мектеп басшысының педагогтардың икемді дағдыларын дамытудағы тиімді жолы

Бірманова Қымбат Исламбекқызы
Валиева Шынар Көбенқызы
Рудный қаласы білім бөлімінің
Бейімбет Майлина атындағы
№7 мектеп-гимназиясы»КММ,№13
орта мектебінің директорлары
Рудный қаласы,Қостанай облысы

Келешек ұрпақ жүгін сеніммен, қазіргі даму үрдісіндегі жетістіктермен жеткізуге жұмыс жасайтын бірден- бір тұлға көшбасшы. Мектептің заманауи басшысы ретінде педагогтардың икемді дағдыларын қалыптастыру үшін жеке тұлғаның дамуына әріптестер арасындағы тиімді әрі ынтымақтастық әрекеттің жақсаруына ықпал ету. Мектептегі педагогтардың қарым-қатынас құралы және өз-өздерін әлеуметтендіруіне икемді дағдылардың қажеттілігі маңызды орын алады. Желілік қауымдастықтағы мектеп педагогтарымен өсу аймағына жету үшін зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесіне назарға ала отыра оңтайлы аймақтың қадамдарымен әр педагог заманауи мектеп құрылымына өз идеясын жылжыта алатын тұлға ретінде танылып, әлеуметтік дағдысын жоғарлата алады. Біз білетін қатты және жұмсақ дағдылар бар. SOFT SKILLS -байланыс, мотивация, мәселені шешу қабілеті, сенімділік, уақытты басқару т.б дағдыға үйрету әлдеқайда қиын. Сондықтан да заманауи мектеп басшылары табысқа жетуі үшін педагогтармен өзара әрекеттесуге және табысты ететін өзгермелі сипатына байланысты жұмыс орындарында ерекше маңызға ие.



Серіктестік мектептермен жүргізген алғашқы зерттеу 47 пайызды көрсетсе, бірлескен жұмыс даму картасының нәтижесінде 77 пайыз көрсеткішті көрсетіп отыр. Мектеп басшысының педагогтардың кәсіби

деңгейін жоғарлатуды жүзеге асыру, SOFT SKILLS дағдыларының өз мектебін дамыту барысында, ұжымның икемді дағдыларын қалыптастыруда барлық іскерлікті іске қосу үшін даму картасы ұсынылды. Даму картасының мерзімі 2020-2024 жылдар аралығын қамтиды.



Даму картасының мақсаты –мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғары көтеру,желілік қауымдастықтағы педагогтардағы іскерлікті іске қосу. Педагогтардың икемді дағдыларын қалыптастыруда үшін келесі міндеттер анықталады:

- оқыту ортасында біліктілікті арттыру бағыттарын сабақтастыру жолдарын анықтау;
- біртұтас ақпараттық білім ортасын құру алгоритмін жасау;
- Ортада желілік қарым-қатныса орната білуге дағдылану;
- Өздігінен білім алуды жобалау және оны қолдана білу;
- Икемді дағдыларды меңгерген педагог моделін құру.
- Бірін-бірі оқыту және өмірлік оқыту принципін сақтау.

Серіктес мектептердегі педагогтардың білім алу, өзін-өзі үйрету, бәсекеге қабілетті болу, өмірде өз орнын табу үшін,ақпараттандыру кеңістігіне ену болып табылады. Бұл даму картасы тірек мектебінің үйлестірушілерінің серіктес мектептердің тренерлері, көшбасшы-мұғалімдер, үйлестірушілерге барлық педагогтарына икемді дағдыларды дамытудың тиімді жолы болып есептеледі.

Даму картасының басқа формалардан ерекшелігі «өмір бойы білім алу» қағидасының қолжетімділігін арттырумен қатар, бірін-бір үйрете жүріп, өздігінен кәсіби шығармашылық траекториясын дамытуына мүмкіндік туғызып, кез-келген ортада еш кедергісіз шығуына жол ашады. Мектеп педагогтарының үздіксіз білім алуына жол ашу, икемді дағдаларды дамытуымен сипатталады. Тірек мектебінің магнитті мектеп педагогтарының Soft skills бойынша даму картасы он қадам және он басымдықты көрсетеді.

Қадамдар:

Серіктес мектептердің педагогтарын анықтау;

- Оқыту және дамыту,
- Көшбасшыларды дамыту,
- Әлеуметтік мониторинг жүргізу,
- Жобалық тәсіл,

- Жаңа алаңдар,
- Тиімді коммуникация,
- Цифрлық технологиялар
- Әрекетке бағыттау,
- Нәтиже.

Басымдықтары:

- Рухани құндылықтар дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- Оқыту мен оқуды ұйымдастыруды қамтамсыз ету;
- Көшбасшы-мұғалімдерді тиімді басқару;
- Педагогтардың кәсіби даму маршрутын жасау;
- Педагогтарды әлеуметтендірудегі жобаларды іске асыру;
- Педагогтармен қарым-қатынас орнату және оны жетілдіру;
- Педагогтардың жұмысын сандық-мультимедиялық құралдар арқылы тарату;
- Жаңа қадамдарға ілесу және нәтижені көру;
- Педагогтардың құзіреттіліктерінің оңтайлы көрсеткіштері.

Жүргізілген жұмыс барысының бір қадамына нақтырақ тоқталар болсам:Басқа қадамдар да осы алгоритмде жасалған.

Екінші қадам. ОҚЫТУ мен ДАМУ				
Басымдық2 Оқыту мен оқуды ұйымдастыруды қамтамсыз ету				
№ р/н	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	Педагогтардың Soft-skills дағдылары арқылы мектеп жұмысын жүзеге асыру	Икемді дағдылар	Тірек мектебінің үйлестірушісі, мектеп басшысы	Жыл бойы
2	«Бірге оқимыз, бірге үйренеміз» көшбасшы-мұғалімдер, үйлестірушілер, тренерлермен семинар-практикум	Ашық сабақтар панорамасы	Көшбасшы-мұғалімдер,үйлестірушілер, тренерлер	Токсан сайын
3	Педагогтарға арналған құзіреттілікті дамытудың икем дағдыларын арттыру тренингі	Коллаборативті талқылау, сұхбат	Тірек мектебі психологы	Жыл бойы
4	«Сапалы білім: қашықтықтан білім алу жолдарын үйрену және үйрету»желілік қоғамдастықтағы мектеп басшыларының, мектеп үйлестірушілері, тренерлері, көшбасшы-мұғалімдермен инпут	Педагогтардың қашықтықтан білім беру дағдылары	Жетекші мектептердің басшылары, үйлестірушілер,тренерлер, көшбасшы-мұғалімдер	Жыл басы, жыл аяғы
5	« Педагогтың іс -тәжірибе маржандары» шеберлік сынып өткізу	Педагогтың іс-тәжірибе жинақтамалары	Мектеп директоры, мектеп директорының орынбасарлары	Кестеге сай

Күтілетін нәтиже желілік қоғамдастық педагогтарының жеке тұлғалық дамуында әріптестер арасында икемді дағдылар арқылы тиімді қарым-қатынас және ынтымақтастықтың жақсаруына ықпал етті. Тірек мектебінің икемді дағдыларды меңгерген болашақ мұғалім моделі: Ұжымдағы қарым-қатынас дағдысы дамыған, кедергілерден өту үшін жылдам шешім қабылдай білетін, позитивті өмірлік ұстанымы бар, өз-өзіне сенімді, нық қадамды, бірлескен ынтымақтастық топтарда жұмыс істей алатын, барлық әрекетке сай икемді мұғалім. Жетістік-әрекетте, жетілу-мақсат, ізгі мұрат жолында еш аянбау бүгінгі тірек мектебінің міндеті.